

БӨЛІМ: ҒЫЛЫМИ ЖОБА

Ұстаз тағылымы

ЖАРИЯЛАНДЫ
07.09.2023СІЛТЕМЕ
<https://bilimgger.kz/143175/>

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» — деп Абай атамыз айтқандай, ұстаз еңбегінің қыр – сыры мол, қиын да жауапты, шығармашылық еңбек екендігін баршамыз мойындаймыз. Бала бойында білім нәрін себетін, адамгершілік дәнін егетін басты тұлға — ұстаз. Адам жанын нұрландырар ұғымының ұлысы – ұстаз. Елбасымыз Н. Назарбаев халқымыздың болашағы туралы тереңнен толғай, «Мемлекетіміздің ең басты дүниесі тек қана табиғи байлық емес, сонымен қатар жасөспірім ұрпағы, өйткені олар- біздің ұлтымыздың болашақ айнасы» дегені мәлім. Олай болса, жас ұрпаққа білім мен тәрбие беретін ұстаз – баға жетпес биік тұлға. Ұстаз! Осынау сөзде қаншама мән – мағына жатыр десеңізші! Ұлағатты ой иелері де, арман оты жүрегінде алаулаған жеткіншектер де, парасатты қоғам қайраткерлері де бір адамға қарыздар. Ол – Ұстаз!

Ұстаздық ұлы қасиет. Ұстаз – білім нәрімен сусындаған жан. Өскелең ұрпақтың, болашақта елінің еңселі азаматы болып қалыптасуы, отбасымен қатар ұстаздардың берген тәрбиесіне тікелей байланысты. Шәкірт тәрбиелеу кез келген адамның қолынан келетін шаруа емес. Ұстаздың жеген жемісі бұл оқушының шыққан белесі. Ел ертеңі болып табылатын, әр шаңырақтың үміт күткен ұл-қыздарының бойына білім мен өнерді, адамгершілік пен адалдықты, туралық пен шыншылдықты, рухани байлық пен ұлттық қасиеттерді сіңіріп, оларды тұлғалы азамат етіп қалыптастыру мейірбан жүректі ұстаздардың қолынан келетін іс. Мектеп табалдырығын аттаған сәтте алдымыздан жадыраған жаздай жылы жүзімен қарсы алып, партаға отырғызып, қолымызға қалам беріп, әріп үйретіп, кітаптың алғашқы бетін ашқан сәттен -ақ өмірдің ақ пен қарасын, жақсы мен жаманын, оңы мен солын, әрқашан жақсы өмір сүріп, жақсы адам болып қалу жолын үйретуге білек жеңін түріп кірісіп кеткен де осы ұстаз.

Ұстаз — Жер деген әлемнің бетін көркейткен, шәкірттеріне шуақ төккен Күн-Ана. Ұстаз – ақылдың тозбайтұғын асылы. Қасиетті мамандық иелерінің ішіндегі жауһары. Өзге мамандық атаулылары өздерінің түр-сипатын мың құбылтып жатса да, еш өзгеріссіз сол бәз баяғы қалпында жас ұрпаққа адамгершілік қасиеттердің дәнін еккен диқаншы.

Менің мамандығым – мұғалім. Қиындығы мен қызығы мол осы мамандықты бала

күнімнен армандадым. Адам баласына көмектесу – игілікті істердің бастамасы. Адамдар мамандықты жүрегiнiң қалауы бойынша таңдауы керек. Өйткенi, әрбiр адамның болашағы таңдаған мамандығына тiкелей байланысты. Өз iсiн жақсы көрiп, үлкен жауапкершiлiкпен атқарғанда ғана адам өзiн бақытты сезiнедi екен. Тоғыз жыл бұрын Ең алғаш «Ұстаз» деген атаққа ие болдым. Күнделiктi таңертең мектеп ауласына жақындағанда, балалардың сыңғырлай күлген дауыстары менi қуанышқа бөлейдi. Мектепке кiргеннен-ақ, өзiмдi мазалаған сан түрлi ойлардан арылып, оқушыларымның тәттi қылықтарымен әдемі жүздерiнен шаттанамын. Мектеп — балалардың екiншi үйi болса, ал ұстаздар екiншi анасы десек те артық етпейдi. Әр үйдiң еркелерiн бiр арнаға тоғыстырып, олармен жұмыс жасау оңайға соқпайды. Алайда баланың тiлiн тауып, тiлдесу, жақсы тәрбие берудiң өзi бiр үлкен ғанибет. Менiң мамандығым әлемдегi ең қажет мамандықтардың бiрi. Себебi менiң жүрегiмнiң қалауымен армандаған менiң арманым. Өз мамандығымды мақтан тұтамын. Олай дейтiнiм, мұғалiм еңбегi бiрiншiден, адамзат қоғамы тарихында жинақталған ғылым негiздерiнен бiлiм беруге тиiс болса, екiншiден, үнемі шәкiрттерiмен қарым-қатынаста болып, бiлсем, үйренсем деген бала арманы мен оның сырлы тағдырына басшылық етудi мойнына алған маман. Бүгiнгi ұстаз шәкiртiне ғылым негiздерiнен мәлiмет берiп қана қоймай, оны дүниежүзiлiк бiлiм, ақпарат, экономика кеңiстiгiне шығуға, яғни қатаң бәсеке жағдайында өмiр сүруге тәрбиелеуi керек. Ұстаз атана бiлу, оны қадiр тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау – әр мұғалiмнiң борышы. Ол – өз кәсiбiн, өз пәнiн, барлық шәкiртiн, мектебiн шексiз сүйетiн адам. Осы iске деген қызығушылық пен сүйiспеншiлiк қана оны не бiр қиын әрекеттерге жетелейдi, iске батыл кiрiсуге септiгiн тигiзедi. Нәтижесiнде бiр емес, бiрнеше жас жүрекке мәңгi ұстаз болып қалады. Ұстаздың осыншама қадiр-қасиет, құрметке бөленуi өзiн қоршаған орта мен әрбiр шәкiртiне асқан сезiмталдықпен, жауапкершiлiкпен қарым-қатынас жасауында. Өйткенi оның қарапайым да сыпайы киiм киiсi, мәдениеттi сөзi, әдептi жүрiс-тұрысы, жинақы iс-әрекетi, бiлiмi шәкiртке де, ата-анаға да, жұртшылыққа да өнеге.

Ойымды қорытындылай келе, Ұстаз есiмi – ұлы есiм! Өз уақытын аямайтын, өзгенiң бақытын аялайтын ұстаздық кәсiп- өте қарапайым болып көрiнгенмен, баламен баладай тiл табыса бiлетiн мiнездi, қайсарлықты, қажырлы еңбектi, жүректiлiктi, шығармашыл да теориялық жағынан бiлiмдi, iзденгiштiктi талап ететiн және қазiргi заманның тiлiмен айтсақ қағазбастылыққа шыдай бiлетiн жанның iсi. Бiздi мектеп бiтiргенше тәрбиелеп адам қылатын да, жоғары оқу орнын бiтiртiп шебер маман қылатын да осы ұстаз екенiн ұмытпауымыз керек. Қырық бес жыл хан сарайында шалқып өмiр сүрген патша болсақ та , әкiм болсақ та , тiлiмiзден бал тамған ақын болсақ та, қырық бес минутта бiлiм мен тәрбие дәруменiн бойымызға дарыта бiлген ұстазға қарыздар екенiмiздi ұмытпайық. Ұстаз ұлы тұлға, бiз оның алдында әрдайым шәкiрт болып қала бермекпiз!!!

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.